**№53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы МКҚК**

**«Бәйшешек» кіші (2 жастағы балалар) тобы**

# Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті
# «Білім әлеміне саяхат»

**Тәрбиешілер: Қойбағарова Ұ.**

**Зиябекова Д.**

**Ұйымдастырылған ойын іс-әрекеті: «Білім әлеміне саяхат»**

**Мақсаты-міндеті:** Балалардың түстер мен пішіндер туралы білімдерін тапсырмалар орындау арқылы бекіту. Геометриялық пішіндер ерекшеліктерімен және оларды қолдана отырып, құрастыруды бекіту.

Балалардың зейін, қабылдау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.

Балаларды ұқыптылыққа, жануарларға қамқорлықпен карауға, өзара көмектесуге тәрбиелеу. Балалардың қимыл қозғалыстарын арттыру.

**Қолданатын көрнекі құралдар:** геометриялық пішіндер, үй жануарларының , жабай аңдардың үлгі суреттері

Сөздік жұмыс: Қой , сиыр, жылқы, түйе.

| **Оқу іс әрекетінің кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс - әрекеті** | **Балалардың іс - әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық - қозғаушылық** | Шаттық шенбері.<br>Біз әдепті баламыз.<br>Айтқан тілді аламыз<br>Апайлармен ең алғаш,<br>Амандасып аламыз. | Балалар шаттық шеңберді бірге орындайды. |
| **Ұйымдастырушылық -ізденістік** | Балалар біржылда неше жыл мезгілі бар?<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>Көктемде күн қандай болады?<br>Жерде нелер өседі?<br>Нелер ұшып келеді?<br>Ағашта не пайда болады?<br>Жұмбақ:<br>Таңмен көзін ашады<br>Әлемге нұрын шашады.<br>Балалар, бүгін бізге білім әлемінен көптеген тапсырмалар келіпті, соларды орындайық.<br>**1 тапсырма** « Жыл мезгілдерін ата.Шарты: бір жылда неше жыл мезгілі бар.Сурет арқылы жыл мезгілдерінің ерекшелігін айта білу.<br>**2 тапсырма «Түстерді ата»**<br>Шарты: Суреттерге қарап, | Төрт жыл мезгілі бар.<br>Күз, қыс , көктем, жаз.<br><br>Көктем мезгілі.<br>Жылы болады.<br>Шөптер өседі.<br>Құстар ұшып келеді.<br>Ағашта жапырақ пайда болады.<br>Балалар тәрбиешіні тыңдайды,<br>Күн.<br><br>Бір жылда төрт жыл мезгілі бар. Күз, қыс. Көктем, жаз.<br><br>Балалар тапсырманы мұқият тыңдап, берілген тапсырмаларды орындайды.<br>Суреттерге қарап, атауларын атай отырып, түстерін |

| | | |
|---|---|---|
| | олардың атауларын атай отырып, түстерін атау.<br>Балапан,- сары, жұмсақ.<br>Алма-қызыл, дәмді, дөңгелек.<br>Бұлт- көк,аспанда болады.<br>Жапырақ -жасыл, ағашта, гүлде болады.<br>**3тапсырма:**<br>**«Жануарларды ата.»**<br>Шарты: Берілген жануарлардың суретін қарап, жануарды атап, төлін табу.<br>Сиыр – төлі – бұзау ,сиыр мөңірейді, мө,мө<br>Түйе - төлі- бота,түйе боздайды бо,бо .<br>Қой – төлі қозы, қой - маңырайды, ма,ма<br>Ешкі төлі -лақ, ешкі -мә, мә<br>Дидактикалық ойын: «Не қалай дыбыстайды»<br>Сиыр - мөңірейді, мө,мө<br>Түйе - боздайды бо,бо .<br>Қой - маңырайды, ма,ма<br>Ешкі -мақылдайды ,мә, мә<br>**Сөздік жұмыс:** Қой , сиыр, жылқы, түйе,ешкі.<br>**Сергіту сәті.**<br>«Бала, бала балапан<br>Кәне, қайсы алақан<br>Саусақтарың әй бат<br>Былай –былай ойнап»<br>Топ –топ басайық<br>Жалаудан күн жасайық<br>Жаса ,жаса алтын күн<br>Жаса , жаса жарқын күн.<br>**4 тапсырма: «Кім жылдам?»**<br>Шарты: шашылып жатқан пішіндерді бірдей жинау (дөңгелектерді- дөңгелектерге, үшбұрыштарды- | табады.<br>Тәрбиешімен бірге тақпақты қайталай отырып, қимылмен көрсетеді.<br>Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдап, берілген тапсырмаларды орындайды.<br>Жануарларды тауып, олардың қалай дыбыстайтынын айтып, төлдерін табады. Берілген пішіндерді атайды.<br>Қайталайды: шаршы, дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш.<br>Балалар музыканың ырғағымен сөздерін тыңдап, қимылдарды қайталайды.<br>Бауырсақ ертегісінде<br>Балалар тапсырма бойынша, пішіндерді түрлеріне қарай, түстеріне қарай жинайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | олардың атауларын атай<br>отырып, түстерін атау.<br>Балапан,- сары, жұмсақ.<br>Алма-қызыл, дәмді,<br>дөңгелек.<br>Бұлт- көк,аспанда болады.<br>Жапырақ -жасыл, ағашта,<br>гүлде болады. | табады. |
| | **3тапсырма:**<br>**«Жануарларды ата.»**<br>Шарты: Берілген<br>жануарлардың суретін<br>қарап, жануарды атап,<br>төлін табу.<br>Сиыр – төлі – бұзау ,сиыр<br>мөңірейді, мө,мө | Тәрбиешімен бірге<br>тақпақты қайталай<br>отырып, қимылмен<br>көрсетеді. |
| | Түйе - төлі- бота,түйе<br>боздайды бо,бо .<br>Қой – төлі қозы, қой -<br>маңырайды, ма,ма<br>Ешкі төлі -лақ, ешкі -мә, мә | Балалар тәрбиешіні<br>мұқият тыңдап,<br>берілген<br>тапсырмаларды<br>орындайды. |
| | Дидактикалық ойын: «Не<br>қалай дыбыстайды»<br>Сиыр - мөңірейді, мө,мө<br>Түйе - боздайды бо,бо .<br>Қой - маңырайды, ма,ма<br>Ешкі -мақылдайды ,мә, мә<br>**Сөздік жұмыс:** Қой , сиыр,<br>жылқы, түйе,ешкі. | Жануарларды тауып,<br>олардың қалай<br>дыбыстайтынын<br>айтып, төлдерін<br>табады. Берілген<br>пішіндерді атайды.<br>Қайталайды: шаршы,<br>дөңгелек, үшбұрыш,<br>төртбұрыш. |
| | **Сергіту сәті.**<br>«Бала, бала балапан<br>Кәне, қайсы алақан<br>Саусақтарың әй бат<br>Былай –былай ойнап»<br>Топ –топ басайық<br>Жалаудан күн жасайық<br>Жаса ,жаса алтын күн<br>Жаса , жаса жарқын күн. | Балалар музыканың<br>ырғағымен сөздерін<br>тыңдап, қимылдарды<br>қайталайды. |
| | **4 тапсырма: «Кім<br>жылдам?»** | Бауырсақ ертегісінде |
| | Шарты: шашылып жатқан<br>пішіндерді бірдей жинау<br>(дөңгелектерді-<br>дөңгелектерге,<br>үшбұрыштарды- | Балалар тапсырма<br>бойынша, пішіндерді<br>түрлеріне қарай,<br>түстеріне қарай<br>жинайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | үшбұрыштарға, шаршыларды-шаршыларға). Пішіндерді түстеріне қарай жинау.<br>**5 тапсырма .** «Жабайы аңдарды ата»<br>Қандай ертегі кейіпкерлерінде жабайы аңдар бар.<br>**6 тапсырма. «Сиқырлы пішіндер»**<br>Шарты: берілген кестелерге қарап, пішіндерді таңдап, олардан әр түрлі заттар құрастыру.<br>Балалардан құрастырған заттарын, олр қандай пішіннен жасалғанын, олардың түстері туралы жеке- жеке сұрау. | Балалар үлгілерге қарап, тапсырманы орындайды. Әр бала құрастырған фигураларды атап, қандай бөлшектерден құралғанын, оның түстерін атап береді. |
| **Рефлексиялық - түзетушілік** | - Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>Балалардан қандай пішіндермен таныстық?<br>Қандай үй жануарлармен таныстық?<br>Қандай жабайы жануарлармен таныстық? | Балалар берілген сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтеже:**

**Орындайды:** геометриялық пішіндер және түстерді бір-бірінен ажырату;

**Түсінеді:** түстердің ерекшеліктерін, ;

**Қолданады:** берілген үлгілерге қарап, белгілі бір пішіндерді қолданып құрастыру, берілген кеңістікке дұрыс орналастыруды.













